



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

17.02.2023 № 2-01-23-14498

19.01.2023ж. шығ. ДЗ-21

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі

қаржы пирамидалары мен
алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша

Бас прокуратура алаяқтық (интернет-алаяқтық) және ұрлық (интернет-ұрлық) бойынша қылмыстық істерді тергеудің заңдылығына тексеріс жүргізу туралы жолданымды қарады.

2021 ж. қорытындысы бойынша елімізде алаяқтық саны 21,7%-ға (33 759-дан 41 083-ке дейін) өсті, негізгі тіркеу интернет-алаяқтық саласында байқалды, олардың өсуі 50,5%-ды құрады (2018ж. – 517, 2019ж. – 7 769, 2020. – 14 220, 2021 – 21 405).

Сондай-ақ, 2021ж. ақпараттық жүйеге заңсыз кіру жолымен жасалған ұрлық саны 112%-ға өсті (2020ж. - 750; 2021ж. - 1591).

Бас прокуратура мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп 2022 ж. арналған алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жол картасын әзірледі және бекітті, оның шеңберінде бірқатар ұйымдастыру-практикалық шаралар, оның ішінде интернет-ұрлықтың алдын алу жөніндегі шаралар іске асырылды.

Мәселен, өткен жылы ведомствоаралық жұмыс топтары құрылды, іс-шаралар жоспарлары, ынтымақтастық туралы меморандум, әдістемелік құрал әзірленді, құқық қорғау және уәкілетті органдардың өзара іс-қимылын күшейту бойынша типология мен өзара іс-қимыл жоспары қабылданды, ақпаратпен жедел алмасу үшін цифрлық технологиялар енгізілді, халықтың қаржылық және құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша кең ауқымды ақпараттық-үгіт жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар Бас прокуратура алаяқтық туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеудің тиімділігі мен сапасын, сондай-ақ қылмыстың осы санатының алдын алуды тексерді.

Ішкі істер министрлігінің атына заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы ұсыну енгізілді (2022 жылғы 29 қазанда).

Оны қарау нәтижелері бойынша ПМ-нің 24 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауаптылыққа тартылды (оның 13-і басшылар).

2022ж. 7 қазанда Бас Прокурордың бірінші орынбасарының төрағалығымен Құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың басшылығының қатысуымен криминогендік ахуал

мәселесі бойынша кеңес өткізілді, онда интернет-алаяқтықтарға қарсы іс-қимыл жөнінде шаралар қабылдау туралы тапсырма берілді.

Бұл алаяқтықтың уақтылы алдын алуды, анықтауды және ашуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ кейбір оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мәселен, 2022 ж. тіркелген интернет-алаяқтық фактілері санының 4%-ға төмендеуі байқалады, сонымен бірге интернет-ұрлық саны 36%-ға төмендеді.

Сонымен қатар киберқылмыскерлер өздерінің алаяқтық схемаларын әр дайым жетілдіріп отырады. Көбінесе халықтың ақшасын алдау арқылы алу үшін олар күш құрылымдарының қызметкерлері ретінде танысады, жетекші компаниялардың логотиптерін, танымал медиа тұлғалардың суреттерін пайдаланады.

БП, ИМ, ЦДИАӨМ, АҚДМ және жергілікті атқарушы органдар атынан мүдделі органдар интернет-алаяқтықтың барлық жаңа тәсілі туралы халықты хабардар етуді қамтамасыз етеді.

Ағымдағы жылдың маусым айында Бас прокуратура Үйлестіру кеңесінің отырысын өткізуді жоспарлады, онда жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижелері талқыланады.

Байходжаева, Сабыршинова, Бедешова, Кирибаев, Несеная, Комиссарова, Жолдыбекова, Бостанжиева, Лейрих, Дощанова, Махамбетов, Досқали, Бреннер, Елеуова және Ерназаровтардың арыздары бойынша тіркелген сотқа дейінгі тергеп-тексерулер облыс прокуратураларының бақылауында екенін хабарлаймыз.

Олар бойынша қажетті тергеу әрекеттері жүргізілуде. Тергеу мерзімдерін негізсіз ұзу орын алмаған.

Талданатын мәселелердің өзектілігін ескере отырып, барлық істер бойынша алғашқы шұғыл тергеу әрекеттері жүргізілді.

Мәселен, тергеу барысында Досқалидың ақша қаражаттары (505 мың теңге) Нестеровтың банктік шотына аударылғаны анықталды, соңғы 2022 ж. басында «Халық банкі» картасын ашып, оны екі аптадан кейін жоғалтқанын түсіндірді. Картада ақша қаражаттары болмауына байланысты бұғаттамағанын, түскен ақша туралы ештеңе түсіндіре алмады.

Өз кезегінде, Нестеров шотынан көрсетілген ақшалай қаражат Мамировқа, Байдильдинге және Угачевке аударылған.

Мамировтың жауабында өзінің туысы Садыров банктік картаны ақшаны айырбастау мақсатында сұрағанын, сол үшін оған сеніп бергенін айтқан.

Ал Садыров дұрыс танымайтын Шмаргуновтың сыйақы ретінде 10 000 теңге беремін деген ұсынысы бойынша ақшаны айырбастағанын атап көрсеткен.

Шмаргунов өз кезегінде дұрыс танымайтын Бабаевтің сыйақы ретінде ақша қаражатын берем деген сұрауы бойынша ақшаны айырбастаған.

Сонымен қатар Бабаев басқа алаяқтық ісі бойынша 26.06.2022ж. қамаудан босағаннан кейін тергеуден бой тасалап жүрген.

Қазіргі кезде қылмыскер іздеуге берілген, мекенжайы анықталуда.

Жауапталған Байділдин мен Угачев «Vinance» платформасында криптовалютаны сатумен айналысатындықтарын көрсетті, оларға күн сайын сатып алушылардан ақшалай қаражат түседі, бұл ретте бүкіл процесс визуалды немесе өзге байланыссыз онлайн форматта өтеді, тиісінше Нестеровті олар бұрын

білмеген және көрмеген, тек сатып алынған криптовалюта «Binance» әмиянындағы шотына жіберген.

Бүгінгі күні сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы «Binance» кеңсесіне сұраныс хатын жіберді, жауап күтілуде.

Қалған істер бойынша дәл осындай тергеу әрекеттері жүргізілуде.

Тергеу кезіндегі созбалау тек қадағалау актілері енгізілген жекелеген істер бойынша ғана белгіленді.

Осылайша, қажетті шұғыл тергеу әрекеттері тергеудің бастапқы кезеңінде жүзеге асырылады, бұл қылмыстарды ашу бойынша шаралардың әрекетсіздігі немесе толық болмауы анықталмады.

Сондай-ақ банктік шоттары қолма-қол ақша алатын адамдарды күдікті деп тану процесі бір мезгілде жасалатын әрекет емес және нақты дәлелді базаны қажет ететіндігін ескеру қажет.

«Дроппер» деп аталатындардың басым көпшілігі банктік карточкаларын жоғалтқан азаматтар немесе алаяқтардың қылмыстық схемаларына қатысқандығын дәлелдеу мүмкін болмай, оңай ақша табуға тартылған «ашықауыздар» болып табылады.

Сонымен қатар интернет-алаяқтық өз ерекшеліктері бойынша байланыссыз құқық бұзушылықтар болып табылады, көбінесе қылмыскерлер елден тыс жерлерде болады, бұл қылмысты ашуды қиындатады.

Сондықтан киберқылмысқа, оның ішінде интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша құқық қорғау органдарының ақпарат алмасу және өзара іс-қимыл тетіктерін кеңейту мақсатында Қазақстанның компьютерлік қылмыстар жөніндегі Еуропа Кеңесінің Будапешт конвенциясына қосылуы бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

Бүгінгі таңда Будапешт Конвенциясы құзыретті органдарға компьютерлік жүйенің және компьютерлік деректердің көшірмелерін алу, іске қатысты электрондық деректердің тұтастығы мен сақталуын қамтамасыз ету, компьютерлік деректерді бұғаттау құқықтарын беруде халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ететін жалғыз халықаралық акт болып табылады.

Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда.

Б. Асыллов



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

17.02.2023 № 2-01-23-14498
ДЗ-21 от 19.01.2023г.

**Мажилис Парламента
Республики Казахстан**

по противодействию
финансовым пирамидам и мошенничествам

Генеральной прокуратурой рассмотрен Ваш запрос о проведении проверок на предмет законности расследования уголовных дел о мошенничествах (интернет-мошенничества) и краж (интернет-кражи).

По итогам 2021 года в стране увеличилось количество мошенничеств на 21,7% (с 33 759 до 41 083), основная регистрация наблюдалась в сфере интернет-мошенничеств, рост которых составил 50,5% (2018г. – 517; 2019г. – 7 769; 2020 – 14 220; 2021 – 21 405).

Также в 2021 году выросло количество краж путем незаконного доступа в информационную систему на 112% (2020г. – 750; 2021г. – 1591).

Генеральной прокуратурой совместно с заинтересованными государственными органами разработана и утверждена Дорожная карта по противодействию мошенничествам на 2022 год, в рамках которой реализован ряд организационно-практических мер, в том числе по профилактике интернет-краж.

Так, в прошедшем году созданы межведомственные рабочие группы, разработаны Планы мероприятий, меморандум о сотрудничестве, методическое пособие, приняты типология и План взаимодействия по усилению взаимодействия правоохранительных и уполномоченных органов, для оперативного обмена информацией внедрены цифровые технологии, проведена широкомасштабная информационно-агитационная работа по повышению финансовой и правовой грамотности населения.

Наряду с этим, Генеральной прокуратурой проведена проверка эффективности и качества досудебного расследования по делам о мошенничествах, а также профилактики данной категории преступлений.

В адрес Министерства внутренних дел внесено представление об устранении нарушений законности (от 29 октября 2022г.).

По результатам его рассмотрения к дисциплинарной ответственности привлечено 24 должностных лиц МВД (13 из них руководители).

7 октября 2022 года под председательством Первого заместителя Генерального Прокурора с участием руководства правоохранительных и

специальных государственных органов, а также местных исполнительных органов проведено совещание по вопросу криминогенной обстановки, где дано поручение о принятии мер по противодействию интернет-мошенничествам.

Это позволило обеспечить своевременное предупреждение, выявление и раскрытие мошенничеств, а также достичь некоторых положительных результатов.

Так, за 2022 год отмечается снижение числа зарегистрированных фактов интернет-мошенничеств на 4%, в то же время снизилось количество интернет-краж на 36%.

Между тем, кибер-преступники с каждым разом совершенствуют свои мошеннические схемы. Часто для выманивания обманом денег у населения, они представляются сотрудниками силовых структур, используют логотипы ведущих компаний, изображения популярных медийных персон.

Заинтересованными органами в лице ГП, МВД, МЦРИАП, МИОР и местными исполнительными органами обеспечивается информирование населения обо всех новых способах интернет-мошенничества.

В июне текущего года Генеральной прокуратурой запланировано проведение заседания Координационного Совета, на котором будут обсуждены результаты проводимой работы.

Относительно досудебных расследований, зарегистрированных по заявлениям Байходжаевой, Сабыршиновой, Бедешовой, Кирибаева, Несеной, Комиссаровой, Жолдыбековой, Бостанжиевой, Лейрих, Дощановой, Махамбетова, Доскали, Бреннер, Елеуовой, Ерназарова, сообщаем, что они находятся на контроле прокуратур областей.

По ним проводятся необходимые следственные действия. Необоснованных прерываний сроков расследования допущено не было.

Учитывая актуальность анализируемых вопросов, по всем делам проведены первоначальные неотложные следственные действия.

Так, в ходе расследования установлено, что денежные средства Доскали (505 тыс. тенге) были переведены на банковский счет Нестерова, который пояснил, что в начале 2022г. открыл карту «Халык банка» и потерял ее спустя две недели. Из-за отсутствия на ней денежных средств, карту не блокировал, о поступивших денежных средствах пояснить ничего не смог.

В свою очередь, указанные денежные средства со счета Нестерова переведены Мамирову, Байдильдину и Угачеву.

Допрошенный Мамиров пояснил, что его родственник Садыров попросил его банковскую карту чтобы обналичить денежные средства, на что он без подозрений выполнил его просьбу.

Садыров показал, что по предложению малознакомого Шмаргунова согласился обналичить денежные средства со своего банковского счета за вознаграждение в виде 10 тысяч тенге.

Согласно показаниям Шмаргунова следует, что он также обналичивал денежные средства по предложению малознакомого Бабаева за определенное вознаграждение.

Между тем, Бабаев скрылся от следствия по другому делу о мошенничестве после его освобождения следственным судом 22.06.2022г. из-под стражи.

В настоящее время злоумышленник объявлен в розыск, его местонахождение устанавливается.

Допрошенные Байдильдин и Угачев показали, что занимаются продажей криптовалюты на платформе «Vinance», им ежедневно поступают денежные средства от покупателей, при этом весь процесс проходит в онлайн формате без визуального или иного контакта, соответственно Нестерова они ранее не знали и не видели, а только направили купленную криптовалюту ему на счет в кошельке «Vinance».

На сегодня органом досудебного расследования направлен запрос в офис «Vinance», ответ ожидается.

По остальным делам проводятся аналогичные следственные действия. Волокита при расследовании установлена лишь по отдельным делам, по которым внесены акта надзора.

Таким образом, необходимые неотложные следственные действия проводятся на первоначальном этапе расследований, бездействие либо неполнота мер по раскрытию этих преступлений не установлены.

Необходимо также учитывать, что процесс признания подозреваемыми лиц, на чьи банковские счета поступают денежные средства не является одномоментным и требует основательной доказательной базы.

подавляющее большинство так называемых «дропперов», являются гражданами, потерявшими свои банковские карточки либо «зеваками», которых привлек легкий заработок, при этом доказать их причастность к преступным схемам мошенников, как правило, не представляется возможным.

Кроме того, интернет-мошенничества по своей специфике являются бесконтактными правонарушениями, зачастую злоумышленники находятся далеко за пределами страны, что заметно затрудняет их раскрытие.

Поэтому, в целях расширения механизмов обмена информацией и взаимодействия правоохранительных органов по противодействию киберпреступности, в том числе интернет-мошенничествам, проводятся мероприятия по присоединению Казахстана к Будапештской Конвенции Совета Европы по компьютерным преступлениям.

На сегодняшний день Будапештская Конвенция является единственным международным актом, обеспечивающим международное сотрудничество в предоставлении компетентным органам прав на выемку компьютерной системы, изъятии копий компьютерных данных, обеспечении целостности и сохранности электронных данных, относящихся к делу, блокировании компьютерных данных.

Работа в данном направлении продолжается.

Б. Асыллов